



Мүмкіндігі шектеулі және мүгедек пациенттерге үй жағдайындағы мейірбикелік көмек

Орындағандар:
Жарылқасын Айдана
Қалдыбаева Толқын
Мәлік Ақгүл
Нұрлыбекова Құралай

Жоспар:

- ✓ Мүмкіндігі шектеулі пациенттер және түрлері;
- ✓ Еліміздегі мүмкіндігі шектеулі пациенттер статистикасы;
- ✓ Мүмкіндігі шектеулі пациенті бар отбасылардың өмірлік циклындағы кезеңдері, оларға мамандардың атқаратын қызметтері;
- ✓ Мүмкіндігі шектеулі пациенті бар отбасыға психологиялық-педогогикалық көмек түрлері, және олармен жұмыс жүргізу алгоритмі;
- ✓ Мүгедектік және паралич туралы түсінік;
- ✓ Жеке гигиеналық шаралардың іс-әрекет алгоритмдері;
- ✓ Мүгедектердің құқықтары және еңбек жарамдылық деңгейлері.

Мүмкіндігі шектеулі балалар – бұл күрделі әрі ауыр.

Мамандардың айтуынша бұндай балалары бар отбасында дағдарыс өмір бойы болуы мүмкін. Бұндай жағдайдан тез өту және ауру баланы дұрыс тәрбиелеу үшін ата-ана мықты болып, жігерлік танытуы, өз міндеттерін дұрыс орындап, қамқорлық танытуы керек.



Мүмкіндігі шектеулі балалардың туылу себептері ретінде есірткі, дәрі-дәрмек, ішімдік қолдану, сонымен қатар генетикалық фактор және табиғи апаттар салдарынан дене мүшесінен айырылу қаупі жоғары.



Соңғы уақытта біздің елімізде және шетелде физикалық және психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалар санының өсу қарқыны байқалып отыр. БҰҰ-ның мәліметтері бойынша әлемде 450 млн. адамда психикалық және физикалық дамуында ауытқушылықтары бар, бұл тұрғындардың оннан бір бөлігін, яғни 13% құрайды. Бұл мәлімет Бүкіләлемдік ДСҰ-ның мәліметтерімен нақтыланып отыр. Статистикалық мәліметтер бойынша бірқатар елдерде мүмкіндігі шектеулі балалар саны жалпы саннан 4,5% дан 17% дейін жеткен.



Мүмкіндігі шектеулі пациенттерге
Талдау көрсетіп отырғандай, бұндай жағдайда
тек мемлекеттің материалдық көмегі ғана емес,
әлеуметтік, тұрмыстық, тәрбиелік және
психологиялық сала бойынша қолдау беру
керек.





А. Торнбал отбасында мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылардың өмірлік циклындағы кезеңдер:

- Баланың туылуы: нақты диагнозды алу, эмоционалды үйренушілік, отбасының басқа мүшелерін ақпараттандыру;
- Мектептік жас: баланы оқыту формасына жеке көзқарастың қалыптасуы (инклюзивті немесе арнайы оқыту), баланың мектепке баруымен байланысты мәселелерді шешу, құрдастарының реакцияларын бастан кешіру;
- Жасөспірімдік жас: баланың ауруына үйрену, сексуалдыққа байланысты мәселелердің пайда болуы, құрдастарынан алшақтау, баланың жалпы уақытын ұйымдастумен айналысу;
- «түлектік» кезең: отбасылық жауапкершілікті мойындау, үйрену, есейген баланың өмір сүру жағдайына ыңғайлы ортаны таңдау, отбасының бейімделуіне мүмкіндіктің аздығы;
- Ата-аналық өмірден кейінгі кезең: жұбайлар арасында өзара қатынасты қайта құру (егер бала өз бетімен өмір сүруді бастаса), баланың тұрғылықты жеріне байланысты мамандармен әрекеттесу.



Аталған мәселе бойынша маманның атқаратын қызметі:

- *Ақпараттық қызмет:* маман отбасына немесе отбасының жекелеген мүшелеріне ақпаратты дидактикалық түрде баяндайды, бұл жеткіліксіз психологиялық-педагогикалық әлеуметтік құзыреттілікті жоюға көмектеседі;
- *Қолдау көрсетушілік қызмет:* маман шынайы отбасылық жағдайда жоқ немесе жойылған формаға ие психологиялық қолдау көрсетеді;
- *Делдалдық қызмет:* маман отбасы мүшелерінің бір бірімен, қоршаған ортамен бұзылған қатынасын қалпына келтіруде делдал рөлін атқарады;
 - *Отбасын кіші топ ретінде дамыту қызметі:* маман басқаларға қамқорлықпен қарау, қажеттіліктерін түсіну, қолдау көрсетіп, кикілжіндік ситуацияларды шешу, өз сезімін білдіріп, басқалардың сезімдерін есепке алу сияқты отбасы мүшелеріне негізгі әлеуметтік білік, дағдыны дамытуға көмектеседі;
- *Балалар мен ата-аналарды үйрету қызметі:* маман ата-ана алдында баламен жұмыс жасаудың психологиялық-педагогикалық қырларын ашып көрсетеді, бала өзін ыңғайлы сезінетіндей қарым-қатынас формасын құру принциптерімен таныстырады. Өзіндік көмек көрсету, өзін реттеу, қарым-қатынасқа түсу біліктерін дамытуға көмектеседі.



Мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасына психологиялық-педагогикалық көмек түрлері:

- *ақпараттандыру:* маман отбасына не оның мүшелеріне баланың даму ерекшеліктері мен заңдылықтары, мүмкіндіктері мен ресурстары, ондай баланы тәрбиелеу мен оқыту туралы ақпарат береді
 - *жеке кеңес беру:* денсаулығындағы ауытқушылықтары бар балалардың отбасыларына практикалық көмек көрсету, психологиялық, педагогикалық-тәрбиелік, әлеуметтік сипаттағы мәселелерді шешу.
- *отбасылық кеңес беру(психотерапия):* отбасындағы эмоциналдық бұзылыстарды жөға көмектеседі. Сабақтар барысында психодрама, гештальттерапия, трансактний анализ сияқты әдістер қолданылады. Бұл әдістер бейімделуге, физикалық және психологиялық денсаулықтың қалыптасуына көмектеседі;
- *анасының қасында баламен индивидуалды жұмыс жасау:* баланың психикалық дамуына тәрбиелік-педагогикалық әсер етудің тиімді жолдарын қарастырады.
- *топтық жұмыс:* ата аналар және балалар мен ата-аналар тобымен жұмыс ұйымдастыру.



Мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасымен жұмыс жүргізу алгоритмі

- Отбасыны зерттеу: отбасының қызмет етуін зерттеу, оның жасырын ресурстарын анықтау, әлеуметтік ортасы туралы ақпарат жинау, ата ана мен бала қажеттіліктерін зерттеу.
 - Контакт орнату, психологиялық қорғанысты жою бойынша жұмыс, әріптестікке мотивтеу.
- Психологиялық-педагогикалық көмек көрсету жолдарын бағалау.
- Диагностика нәтижесіне байланысты жұмыс бағыттарын таңдау.
- Психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бойынша жұмыстар жүргізу
 - Алынған нәтижелер тиімділігін талдау.



Жалпы мүгедек дегеніміз

– бұл өмірлік қызметіне шек келтіріп, оның әлеуметтік қорғалуын қажет ететін ағза қызметінің бұзылуы, аурулар, жарақаттар, олардың зардабынан болған дефектілері бар денсаулығы бұзылған тұлға.

Бұл мүгедектер қоғамның әлсіз топтарына жатады, сондықтан да олардың құқықтарының айрықша қорғалуына әрбір мемлекет ереше назар аударады.

Бұл мәселе жөнінде БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдар қарарларын шығарып отырады. Қазақстан Республикасы бұл қараларға қосылып, өзі де мүгедектердің құқығын қорғау, оларға әлеуметтік көмек көрсетуге байланысты өзінің заңдарын шығарып отырады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмектердің түрлері:

Мемлекеттік жәрдемақы, өтемақы және басқа да төлемдер
Жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін қосымша әлеуметтік
төлемдер
Жұмыс берушілердің көрсететін қосымша әлеуметтік көмек түрлері

Азаматты мүгедек деп тану негізі мыналар:

- ағза функцияларының тұрақты мазалап денсаулықтың бұзылуы;
- өмірлік қызметінің шектелуі (тұлғаның өзін өзі қамтамасыздандыруға толығымен немесе жарым-жартылай қабілетін жоғалту,
- өзі қозғалу, қарым-қатынасқа түсуі,
- өзінің іс-қимылын бақылау, еңбек қызметімен айналысу немесе үйрену);
- әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыру қажеттілігі.



Сал ауруы (паралич)

Орталық не шеткі жүйке жүйесі қозғалыс орталығының зақымдануынан қимыл, қозғалыс органдары қызметінің толықтай жойылуы. Ал парез (грек. paresis — әлсіреу) кезінде органдардың қимыл-қозғалысы толықтай жойылмайды, сондықтан бұл жағдайды жартылай салдану деп атайды. Бұл ауру әсіресе 2 жасқа дейінгі балаларда көп кездеседі.



Паралич түрлері

Толықтай және
жартылай салдану

организмде қан
айналымының
бұзылуынан

орталық салдану

ми мен жұлынның
қабынуынан не
жарақатынан болса

перифериялық
салдану

шеткі жүйке жүйесінің
немесе жұлынның
және шоғырланған
жүйке
талшықтарының
(мойын, иық, бел-
омыртқа, сегізкөз)
қабынуынан,
жарақатынан,
улануынан болса

Түрлері

- Балалардың сал ауруы қозғалыстың бұзылуына және таралуына байланысты бөлінеді. Қозғалыс бұзылысының 5 түрі бар:
- 1) спастикалық – бұлшық ет тонусының артуы, қайталанған қозғалыс кезіндегі қиындық;
- 2) қимыл тұрақсыздығы – дененің үнемі өздігінен қозғалуы;
- 3) ебедейсіздік – баяу қозғалыстағы бұлшық еттерге қозғалыс кезінде қысымның келуі;
- 4) қимыл үйлесімсіздігі – жиі құлаудан тепе-теңдіктің бұзылуы;
- 5) қол-аяқтың дірілдеуі (қалтырау). Аурудың 85 пайызы спастикалық және атетиодтық түрде кездеседі. Белгісіне қарай былайша топталады: а) қол-аяқтың салдануы (бір жақтың тартылуы), б) дененің бір жағының толық салдануы, в) екі жақты салдану (жоғарғы жақ немесе тұтастай төменгі жақ), г) жартылай немесе толықтай қол-аяқтың салдануы.

Емдеу

- Психикалық және дене жаттығулары арқылы невропатологиялық ақауды азайтуға болады. Бұлшық ет қызметін жақсарту үшін физиотерапия және еңбек терапиясын қолдану керек. Логопедиялық көмек және есту қабілетін түзету науқастың тілін жаттықтырады (жетілдіреді). Бекіткіш және басқа ортопедиялық құрылғылар жүрісті жеңілдетеді, тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі. Ақыл-ойы кем балалар өз мүмкіндігіне қарай оқу керек. Ұзақ уақыт емделуде арнайы бағдарламамен оқыту, психологиялық кеңес, қарым-қатынасты дамыту, кәсіптік оқытудың икемді жүйесі, демалу мен ойын-сауық ұйымдастыру. Сал ауруымен ауыратын науқас жан-жақты көмекті қажет етеді.

**Мүмкіндігі шектеулі
және мүгедектерге
жүргізілетін күтім
ерекшеліктері**



Гигиеналық душты қабылдау

Әзірле:

- таза төсек-орын мен киімге арналған шкаф
 - кушетка
 - ванна немесе душ кабинасы
- ауаның,судың температурасын өлшеу үшін термометр
- таза жөкелер үшін ыдыс
- педикулез болған кезде науқасты тазалауға арналған жиынтық



- дезинфекциялық зат
- қайшылар
- ұстара
- резеңке кілемше
- клеенка қап

Іс- әрекет алгоритмі:



- Душ кабинасына орындық қойып, оған науқасты отырғызыңыз.
- Науқастың жуынуына көмектесіңіз.
- Науқастың жалпы жағдайын қадағалаңыз.
- Науқастың сүртінуіне және киінуіне көмектесіңіз.
- Қолданған жөкені “қолданылған жөкелер” деген белгісі бар ыдысқа салыңыз.
- Қолданылған сүлгіні лас киімдерге арналған клеенка қапқа салыңыз.



Науқасты баспалдақпен тасымалдау

Әзірле: зембіл, каталка, көрпе, жастық

Іс- әрекет алгоритмі:

- Зембілді 0,016 % деохлор ерітіндісімен залалсыздандыру керек.
 - Зембілге 2 қабат ақ жайма жаю керек.
 - Науқасты зембілге жатқызып, басына жастық қойып көрпемен жабу керек.
 - Баспалдақпен көтерілгенде науқастың басын алдымен алып, аяқ жағын көтеріп, денесін горизонтальды бойымен тасымалдау керек.
 - Баспалдақпен түсірерде аяқ жағымен алып жүру керек.
- 
- 

Дәрменсіз емделушіні жуындыру

Мақсаты: жеке тұлғалық гигиена ережелерін орындау

Көрсеткіштері: өзіне-өзі күтім жасай алмайтын емделушіге күтім жасау

Әзірле: жылы су(35-37°C) құйылған ыдыс, жөке, сүлгі, құмыра, клеенка, жаялық.

Іс-әрекеттер алгоритмі:

- Болатын емшараның мәні мен жасау ретін түсіндіру.
- Емделушіні Фаулер жатысымен жатқызу, клеенка мен жаялық төсеу.
 - Қолғапты сулап, артық суын сығып тастау.
- Қолғаппен маңдайын, қабақтарын, екі бетін, мұрнын, мойнын сүрту.
- Сүлгі мен сол тәртіпте емделушінің беті мен мойнынын құрғатып сүрту.
 - Жаялық пен клеенканы алып, залалсыздандыруға жіберу.
- Емделушіге ыңғайланып жатуға көмектесу.Өзін жақсы сезінетіндігіне көз жеткізу.



Науқастың төсек-орнын ауыстыру

Әзірле:

- таза төсеніш жинағы;
- халат, орамал, резеңке қолғап;
- клеенка қап (лас киімге арналған)

Іс әрекеттері алгоритмі:

1. Жайманы көлденең тәсілмен орау.
2. Науқас бас бөлімін, кеудесін көтеруін өтінеміз (немесе көмектесеміз).
3. Жастықтың тысын алу.
4. Лас жайманы орау, бастан белге дейін.
5. Жайманы матрац үстіне тегістеп саламыз. Жастықты орнына қою.
Науқасты жатқызамыз.
6. Науқастың жамбасын және аяғын көтеріп, лас жайма алу, содан соң таза жайманы тегіс күйінде жаю, шеттерін матрац астына жіберу.
7. Науқастың төсекте ыңғайлы орналасуын бақылау.
8. Көрпенің тысын ауыстыру, науқасты жабу.
9. Клеенка қапқа лас төсеніштерді салу.
10. Қолғапты шешу, қолды жуу, кептіру.

Ескерту: лас төсеніштірді бөлімшеде сақтауға болмайды.



Науқастың тері күтімі және денесін ылғалдап сүрту

Мақсаты: терінің тазалығын сақтау, оның қалыпты қызметін қалыптастыру

Әзірле: клеенка, жайма, лоток, жылы су, 10% камфора спирті, үлкен салфетка немесе сүлгі, ауыстыратын төсеніш, киімдер, қайшы, медициналық қолғап

Іс әрекет алгоритмі:

- Күнделікті таңертеңгілік және кешкілік жыныс мүшелерін тазарту.
 - Күнделікті қызарған жерлерді жуып, құрғатып сүрту.
- Ылғалданған шүберекпен сүртер алдында науқастың астына клеенка мен жайма төсеу.
 - Лотокқа жылы су құю.
 - Емделушінің денесінің жоғарғы бөлігін жалаңаштау.
 - Салфетканы немесе сүлгінің кішкене бөлігін суға малып алып сәл сығу.
- Емделушінің денесін төменгі реттілігімен сүрту: бетін, мойын, қолдарын, арқасын.
 - Сүлгінің құрғақ бөлігімен жоғарыдағы реттілікпен науқас денесін сүрту, жайма жабу.
 - Осы тәртіппен емделушінің ішін, санын аяқтарын сүрту.
 - Емделуші төсеніштерін және киімдерін ауыстыру.
 - Емделушінің ыңғайлы жатқанына көзді жеткізу.
 - Пайдаланған заттарды залалсыздандыру.

Ескерту: Аптасын 1 рет душ немесе ванна қабылдау керек

Ауыз қуысының күтімі

Мақсаты: ауыз қуысында қабыну және шіру процестерінің алдын алу

Әзірле: зарарсыздандырылған лотоктар, 2 пинцет, салфеткалар, алмұрт тәрізді баллон немесе Жанэ шприці, мензурка, вазелин, антисептикалық ертінді флаконы, фурациллин 1:5000, 1 % бриллиант жасылы, сүлгі, су құйылған стакан.

Іс әрекеттері алгоритмі:

- Күніне 2 рет тісін тазалау, әрбір тамақ қабылдағаннан соң, ауыз қуысын шаю.
 - Мензуркаға антисептикалық ертіндіні құю.
 - Науқастың аузын ашуын сұрау.
- Әрбір тісті қызыл иектен бастап, ішкі жағынан азу тістен бастап тазалау және әр тазалаудан кейін дәке тампондарын ауыстыру.
 - Таңдайды, ұрттың ішкі жағын тазалау.
- Науқастың аузын шаюына көмектесу немесе алмұрт тәрізді баллонмен аузын бүркіп шаю.
 - Ауыздың айналасын құрғап салфеткамен сүрту.
- Ерні, ауыз бұрышы тілінсе (езуі) глицерин немесе вазелин майын жағыңыз.
 - Егер тіс протезі болса оны тазалау, науқастың қайта киюіне көмектесу.
 - Құралдарды залалсыздандыру.
- Салфеткаларды, дәке тампондарды, резеңке қолғапты жою.

Көзді жуу

Мақсаты: жеке тұлғалық гигиена ережелерін орындау

Көрсеткіштері: өзіне-өзі күтім жасай алмайтын науқасқа көмек

Әзірле:

- Антисептикалық ерітінді 0,02% фурациллин.
- Зарарсыздандырылған мақта тампоны.
- Зарарсыздандырылған лоток.
- Пинцет.
- Пайдаланған тампондарды салуға арналған ыдыс.
- Зарарсыздандырылған резеңке қолғап.

Іс-әрекет алгоритмі:

- Науқас туралы мәлімет жинау.
- Болатын емшараның мәнімен жасалу ретін түсіндіру.
- Қажетті жабдықтарды дайындау.
- Қол жуу.
- Науқасты ынғайлы отырғызу.

• Лотокқа 8-10 тампондарды салып, антисептикалық ерітінді құйыңыз.

• Пинцетпен лотоктан тампонды алып, сәл сығып кірпіктерді, қабақты, көздің сыртынан ішке қарай жылжытып отырып сүрту.

• Тазалап болғаннан кейін құрғақ тампонмен ерітіндінің қалдықтарын құрғатып алу керек.

• Науқасқа ынғайлап жатуға көмектесу.

• Пайдаланған тампондарды жою.

• Қол жуу.

Мұрын қуысын күту

Мақсаты: жеке тұлғалық гигиена ережелерін орындау, мұрын арқылы дем алудың бұзылуының алдын алу

Көрсетілімі: науқастың ауыр жағдайы, мұрыннан бөлінетін бөлінділердің болуы


Әзірле: зарарсыздандырылған мақта тампондары, турундалары, лоток, пинцет, вазелин май, мензурка, резеңке қолғап.

Іс- әрекет алгоритмі:

- Науқасты емдеуге ыңғайлы етіп отырғызыңыз.
- Емшараның мақсатын түсіндіру, келісімін алу.
- Қолды жуып, кептіру.
- Турунданы алып, вазелин майына батырып, сәл сығу.
- Турунданы оң қолға ауыстырып, науқастың мұрнының ұшын сол қолмен көтеріп, айналмалы қозғалыспен мұрын қуысына 1-3 мин бойына енгізу.
- Мұрын қуысы жолдарынан турунданы айналмалы қозғалыспен шығарып алу.
- Осы тәсілмен 2-ші мұрын қуысы жолдарын өңдеп тазалау.
- Пайдаланылған құралдарды залалсыздандыру.
- Пайдаланған тампондарды жою
- Қол жуу.

Ескерту: Үшкір заттарды қолданбау керек.

Науқастың киімін ауыстыру



Көрсетілімі:

- Халі ауыр қатаң төсек режиміндегі науқас.

Әзірле: Науқасқа қажет киім жиынтығы

- халат, орамал, қолғап лас киімдерге арналған клеенка қап.

Іс- әрекет алгоритмі:

•Науқасқа жүргізілетін емшараны түсіндіру және келісім алу.

•Медбике қолын жуып кептіру.

•Медбике қолын науқастың оң жамбасының астына қойып көйлек етегін тауып алады.

4. Көйлекті ақырындап бас жағына қарай көтереді.

5. Екі қолын көтеріп көйлекті әуелі басынан,
сосын қолынан шығарады.

6. Көйлекті киіндіргенде керісінше істелінеді.

Көйлектің жеңінен әуелі қолын, сосын басын кигізеді.


7. Көйлек етегі жазылып дұрысталады.

8. Егер қолдың жарақаты болса, көйлекті алдымен сау жақтан
босатады, сосын жарақаттанған қолдан шешеді.

9. Алынған мәліметті температура парағына 004 есеп формасына белгі
соғылады.

10. Лас киімдерді клеенка қапқа жинайды.



11. Қолғапты шешу, жуу, кептіру.



Жағдайы ауыр науқастың жыныс мүшелерін жуу

Мақсаты: Науқастың жеке бас тазалығын сақтау, зәр шығару жолдары инфекцияларын төменнен жоғары қарай жолмен дамуының профилактикасы.

Әзірле: Зарарсыздандырылған лоток, корнцанг, салфеткалар, клеенка, жайма, сабын, дәрет ыдысы, су толтырылған Эсмарх кружкасы, судың температурасы 35-38С резеңке қолғап.



Әйелдердің жыныс мүшелерін жуу

Іс-әрекет алгоритмі:

• Күнделікті таңертеңгілік және кешкілік жыныс мүшелерін тазалау.

• Науқастың жамбасының астына клеенка және жайма төсеп, клеенкаға құйымшағының деңгейіне дәрет ыдысын орналастыру.

• Науқас аяқтарын тізесінен бүгіп отыруына көмектесу және аяқтарының арасын ашу.

• Науқастың оң жағынан тұру.

• Сабынды суды дайындау.

• Эсмарх кружкасының түтігін сол қолға алып, дәке салфетканы сабынды суға батырып, корнцангпен оң қолға алу.

• Сыртқы жыныс мүшелерін төменгі реттілікпен тазалау: қасаға аймағы, сыртқы жыныс мүшелері, шат аралығы, анальді тесік аймағы.

• Жыныс еріндерін бір қолмен ашып, сыртқы жыныс еріндерін жуған соң салфетканы ауыстыру.

• Шат аралығы қасағадан аналь тесікке қарай бағытта жуу.

• Науқастың шат аралығын жуған бағытта шаю қажет.

• Науқастың шат аралығын және анальді тесік аймағын жуу, шаю және кептіру, сүрту.

• Дәрет ыдысын, клеенканы жинау, қолғапты шешу.

• Науқастың төсенішін жөндеп үстін жабу.

• Қолды жуып, кептіру.

Ер адамдардың жыныс мүшелерін жуындыру

Іс-әрекет алгоритмі:

- Күнделікті таңертеңгілік және кешкілік жыныс мүшелерін тазалау.
- Науқастың жамбасының астына клеенка және жайма төсеп, клеенкаға құйымшағының деңгейіне дәрет ыдысын орналастыру.
 - Науқас аяқтарын тізесінен бүгіп отыруына көмектесу және аяқтарының арасын ашу.
 - Науқастың оң жағынан тұру.
 - Сабынды суды дайындау.
 - Эсмарх кружкасының түтігін сол қолға алып, дәке салфетканы сабынды суға батырып, корнцангпен оң қолға алу.
 - Сыртқы жыныс мүшелерін төменгі реттілікпен тазалау: қасаға аймағы, сыртқы жыныс мүшелері, шат аралығы, анальді тесік аймағын.
 - Бір қолымен жыныс мүшесін қолға алып, терісін артқа тарту.
 - Жыныс мүшесінің басын зәр шығару каналынан қасаға бағытында айналмалы қозғалыспен жуу.
 - Жыныс мүшесінің терісін физиологиялық қалпына келтіру.
 - Жыныс мүшесінің қалған бөлігін ұмасының терісін, аналь тесікті мұқият тазалау, шаю, кептіру.
 - Дәрет ыдысын, клеенканы жинау, қолғапты шешу.
 - Науқастың төсенішін жөндеп, үстін жабу.
 - Қолды жуып, кептіру.

Шаш күтімі

Әзірле: Бас жуатын табақша, сабын ерітіндісі, 38-40С жылы су, кружка, орамал.

Іс-әрекет алгоритмі:

- Мойын астына валик қойып, науқасты шалқасынан жатқызу.
 - Басының астына ыдыс қою.
- Кружкамен суды алып, шашына құйып, сұйық сабынды шаш түбіне жағыңыз.
 - Жақсылап жуып, құрғатып сүртіңіз.
 - Егер ұзын шаш болса, бөліп тараңыз.
- Басқа салқын тимес үшін, орамалмен орап қойыңыз.







Ойық жараны алдын алу, емдеу

Мақсаты: Ойылудың алдын алу.

Әзірле: Зарарсыздандырылған лоток, салфеткалар, мақта тампондары, пинцеттер, 10% камфорлы спиртке арналған шыны ыдыс, төсеніш, ішкі киімдер, резеңке дөңгелек, жұмсақ жастықша, салицил спирті, әлсіз калий перманганат ерітіндісі.

Іс-әрекет алгоритмі:


1. Төсеніш (матрац) төсек үсті тегіс таза болуы керек.
 2. Әр 2 сағат сайын науқас жатқан қалпын өзгертіп, ойылуы мүмкін жерді тексеріңіз.
 3. Төсекте қыртыс, тағам қалдығы болмауын қадағалаңыз.
 4. Ішкі киімдерін ауыстырып отыр. Сегіз көздің астына резеңке дөңгелек, шынтак, өкше астына жастықша қойыңыз.
 5. Таңертең және кешке ойылуы мүмкін жерлерді камфора спиртімен немесе салицил спиртке батырылған салфеткамен сүртіңіз.
 6. Осы ерітінділер болмаған жағдайда әлсіз калий перманганат ерітіндісімен немесе жылы сумен сүртіңіз.
- 
- 



Ойылуды емдеу

Әзірле: лоток, сүлгі, салқын су, сабын, салицил спирті, салфетка тампоны, 1% калий перманганат ерітіндісі, вишневский майы, пинцет

Іс-әрекет алгоритмі:



I белгі: терісі қызарып, ісіп қабыршақтанған болса:



- 1) теріні құрғақ орамалмен сүрт немесе кварц шамымен емдеңіз
- 2) мацерация болған жерді сабынды салқын сумен жуыңыз
- 3) спиртпен сүртіңіз

II белгі: күлбір пайда болса:

- 1) күлбірге бриллиант көгінің спирттелген ерітіндісін жағыңыз
- 2) құрғақ таңғыш байлаңыз

III- белгі: шіру (некроз):

- 1)хирургиялық ем.
- 
- 



**Емделушіге дәрет ыдысын немесе
зәр жинағышты пайдалануға көмектесу
(екі медбике орындайды)**



Мақсаты: жеке тұлғалық гигиенасы ережелерін орындау

Көрсеткіштері: өзіне-өзі күтім жасай алмайтын емделушілерге күтім жасау

Әзірле: дәрет ыдысы немесе зәр жинағыш

Іс-әрекет алгоритмі:

1. Дәрет ыдысын жылы сумен шайып, ішіне аздап жылы су құю. Оның жиектері құрғақ болуын қадағалау.
2. Емделушіні бетпердемен қалқалау (қажет болса).
3. Емделушіні ыңғайлы етіп жатқызыңыз.
4. Емделушінің бөкселеріне дәрет ыдысын қойып, емделушіні қайтадан аударып, шатын дәрет ыдысына келтіреді.
5. Қолғапты шешіп, пайдаланған материалдарды салуға арналған лотокқа салу.
6. Емделуші «белгі» бергенде, медбикелердің біреуі қолғап киеді.
7. Емделушінің аснынан клеенканы алып тастау. Емделушіні көрпемен қымтап жауып, ыңғайлы етіп жатуына көмектесу. Бетпердені алып тастау.
8. Пайдаланған құралдарды залалсыздандыру.
9. Қол жуу (гигиеналық деңгей).



Ескерту: Егер емделушінің құйымшағында ойылған жерлер немесе басқа да жаралар болмаса, дәрет ыдысының тері тиетін жеріне тальк салып қоюға болады.

Құлақ күтімі

Мақсаты: құлақта құлық тығынының пайда болуынан құлақтың есту қабілетінің нашарлауының алдын алу

Әзірле: 3% сутегі асқын тотығы, мақта тампоны, турунда, пипетка, лоток, пинцет, Жанэ шприці, фурациллин ерітіндісі

Іс-әрекеттер алгоритмі:

• Құлақ ішін турундамен айналдыра отырып тазалаңыз.

• Құлағында құлық болса, науқастың басын екінші жағына қисайтыңыз.

• Құлақтың сырғалығынан жоғары тартып, тамызғышпен 4-5 тамшы 3% сутегі асқын тотығын тамызыңыз.

• Турундамен құлықты шығарыңыз.

• Құлық өте көп болса, құлақтың ішін жуыңыз.

• Жанэ шприціне 100- 150мл жылы фурациллин ерітіндісін сорып алыңыз.

• Науқасты отырғызып, құлақ қалқанының астына қысып ұстайтындай етіп лотокты қолына ұстатыңыз.

• Сол қолмен құлақ қалқанының жоғары және артқа тартып, оң қолмен шприцті құлақтың сыртқы тесігіне тақап, ерітіндінің қатты ағынын оның жоғарғы артқы қабырғасына бағыттап жіберіңіз.

• Емшараны жасап болғаннан кейін құлақты салфеткамен сүртіңіз.

• Науқастың құлағына дәрі тамызу үшін басын сау жағына қисайтыңыз.

• Сол қолмен құлақты сырғалықтан тартып, оң қолмен 2-3 тамшы жылы ерітіндіні тамызыңыз.

• Құлаққа бірнеше минутқа мақта тампонын салыңыз



Емделушіні төсекте поильникпен тамақтандыру

Мақсаты: емделушіні тамақтандыру

Көрсеткіштері: өз бетімен тамақтана алмау

Қарсы көрсеткіштері: жоқ

Әзірле: сүлгі, поильник, сұйық тамақ құйылған ыдыс

Іс-әрекеттер алгоритмі:

1. Емделушінің мойны мен кеудесіне сүлгі жабу.
2. Поильникке қоректі қоспаның аз ғана шамасын құю.
3. Емделушіге поильниктің ұшын ауызға алуды ұсыныңыз. Поильникті сәл еңкейтіңіз.
4. Емделушіге кішкене порциялармен ішуді ұсыныңыз.
5. Емделушінің аузын шайғызу.
6. Кеудесі мен мойнындағы сүлгіні алып тастау.
7. Емделушіге ыңғайлап жатуға көмектесіңіз.



Емделушіні төсекте қасықпен тамақтандыру

Мақсаты: емделушіні тамақтандыру



Көрсеткіштері: өз бетімен тамақтана алмау

Әзірле: кереует қасындағы кішкене үстел, қасық, сүлгі, қайнаған жылы су, лоток

Іс-әрекеттер алгоритмі:

1. Емделушіні Фаулер жатысының жоғарғы деңгейінде орналастару.
2. Емделушіге қол жууға көмектесу. Кеудесіне сүлгі төсеу.
3. Ыстық тамақтың температурасы 60°C , сусындар 15°C -дан салқын болмауы тиіс.
4. Емделуші асты қандай ретпен ішкісі келетінін сұраңыз.
5. Емделушіге бірнеше жұтым сусын ішуді ұсыныңыз.
6. Тамақтандыру:
 - емделушіге ұсынылған әрбір тағамның атын атау
 - қасықтың $2/3$ бөлігіне ас алыңыз
 - қасықты емделушінің астыңғы ерніне тигізіңіз, сонда ол аузын ашады
 - қасықты тілге тигізіп, тамақты тіліне салып, қасықты шығарыңыз.
 - тамақты шайнап, жұтуға уақыт беріңіз
 - тамақтың бірнеше қасығын жегізгенен кейін су ішуді ұсыныңыз
7. Қажет болса ернін майлықпен сүртіп отырыңыз.
8. Емделушіге тамақ ішкеннен кейін аузын сумен шаюға көмектесіңіз.
9. Мойны мен кеудесіне төселген сүлгіні алып тастаңыз. Төсек-орынды тексеріңіз.
10. Емделушіге ыңғайлап жатуға көмектесу.





Мүгедек жанға және жанұя мүшелеріне
протездік-ортопедиялық

көмек - мүгедектерді протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі медициналық-техникалық көмектің мамандандырылған түрі және оларды пайдалануды үйретеміз.



протездік-ортопедиялық құралдар - кем аяқ-қолды немесе дененің басқа да мүшелерін алмастыратын, аурудың немесе денсаулыққа зақым келудің салдарынан организмнің бұзылған немесе жоғалтқан функцияларының орнын толтыратын құралдар;

сурдоаударма – қандай да бір тілден дактильді әліпби және (немесе) ымдау тілі көмегімен аудару;

сурдотехникалық құралдар - есіту кемістіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға арналған, соның ішінде байланыс құралдары мен ақпарат беруді күшейтетін техникалық құралдар;

техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар - протездік-ортопедиялық және сурдо-тифлотехникалық құралдар мен міндетті гигиеналық құралдар;

тифлотехникалық құралдар - мүгедектердің көру кемістігі салдарынан жоғалтқан мүмкіндіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға бағытталған құралдар көмек ретінде беріледі







1. Мүгедектерді медициналық оңалту:

- 1) қалпына келтіру терапиясын (дәрі-дәрмекпен, физикалық, санаторий-курорттық емдеуді және организмнің бұзылған немесе жоғалтқан функциялары мен денсаулықты қалпына келтіруге бағытталған басқа да емдеу әдістерін);
- 2) қайта жасау хирургиясын;
- 3) протездік-ортопедиялық көмекті қамтиды.

2. Мүгедектерді әлеуметтік оңалту:

- 1) мүгедектерді жеке басы гигиенасының, өзін-өзі қарап-күтудің, жүріп-тұрудың, қарым-қатынастың негізгі әлеуметтік дағдыларына үйретуді;
- 2) мүгедектерді техникалық көмекші (орнын толтырушы) және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуді;
- 3) басқа адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға үйде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынуды;
- 4) жеке оңалту бағдарламасына сәйкес мынадай әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді:
жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектер үшін – жеке көмекші.



Мүгедектерді әлеуметтік оңалтуды:
медициналық-әлеуметтік мекемелер
(ұйымдар), әлеуметтік көмекті үйде
көрсететін бөлімшелер, арнаулы білім беру
ұйымдары (психологиялық-медициналық-
педагогикалық консультациялар, оңалту
орталықтары, психологиялық-педагогикалық
түзету кабинеттері), денсаулық сақтау
ұйымдары және басқа да мамандандырылған
ұйымдар жүзеге асырады.



Мүгедектер жалпы 3 топқа бөлініп қарастырылады.

1-тобы аса ауыр деңгейдегі мүгедектер, еңбекке жарамсыз.

2-топтағы мүгедектер, жеңіл еңбектерге жарамды.

3-топтағы мүгедектер, еңбекке жарамды адамдар.

Мүгедектердің қай топқа жатуына байланысты сол тобына сәйкес жәрдемақы алады.

Мүгедектің мынадай құқықтары бар:

→ әлеуметтік қорғалу, соның ішінде сауықтыру, қоғамға бейімделу

→ әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына кірумен қамтамасыз етілу

→ ақпаратты алуға мүмкіндік берумен қамтамасыз етілу

→ білім беру, қызмет түрін еркін таңдау, соның ішінде еңбекке байланысты

→ Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталатын тәртіппен көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілденген көлеміне ие болу

→ кәсіби дайындық және қайта дайындау, еңбекке жарамдылығын қалпына келтіру және жұмысқа орналасу

→ Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес үй алу
Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет саласында бірінші кезекте қызмет көрсетіледі